


Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Әлдиден эпосқа дейін

немесе әлеуметтік желі және кітап оқитын әлеумет



**Кітаптар да адамдар сияқты. Оның да тағдыры бар. Түсіну үшін төрт қайтара оқысаң да түйсігінді тітіретпейтіні бар. Олар да тұлғалар сықылды, адамзатпен бірге жасайтын кітаптар бар, несімен бірге туылып, авторымен қоса өлетін кітаптар да болады.**

Қазірге қолымызға тиген кітаптардың ішіндегі салмақтысы – «Әлдиден эпосқа дейін» мен «Салт-дәстүр сөйлейді» кітаптары болып тұр. Ең қызығы, бұл кітаппен әлеуметтік желі арқылы таныстық. Алдымен үзіктері әлеуметтік желілерде «кертіліп» жарияланып тұрды. Авторлары қызық жеріне келгенде кілт үзіп, жарнамасы қосақталып кететін кино сияқты, кітапты оқытудың тосын тәсілдерін пайдаланды. Бес бірдей авторы бар бұл кітап жарық көргеннен кейін азғантай күндерде ұшақпен, пойызбен, автобуспен Қазақстанның барлық түкпірінен интернет арқылы тапсырыс бергендерге тарады. Әлі де тарай береді.

Осы жолдардың авторы да аталмыш кітапты саналы түрде 2-3 есе бағасына сатып алды. Бір жағынан бұл осынау ғаламат кітап үстінде жұмыс істеген авторлардың еңбегі ақталсын деген ниет, екінші жағынан өзім білмейтін, ұл-қызым үнемі қоятын әлімсақтан келе жатқан сауалдардың жауабын табу еді.

Бастапқыда кітапқа пікір жазуды ұмыта қоймадық. Оқып шығып, ой білдіруге қуана келіскен Дидахмет Әшімханұлы «Салт-дәстүр сөйлейді» былай деп жазады:

«...Бұл кітаптың мені таңғалдырған бір тұсы бар. Бұрынғы зерттеушілер аңыз-қиссаларды тек Қазақстанның қазіргі аумағынан жинаса, мына авторлар, негізінен Моңғолия, Қытай қазақтарынан да жазып алған. Тіпті, Түркиядағы Ататүрік атындағы түркі тілі және тарих қоғамы институты этнографтарының жиырма жыл бұрын Қазақстаннан жинаған мұраларын да ақтарып, елден кеткен рухани қазыналарды туған жеріне қайта әкеліпті.

Мен бұл кітапты оқыған кезде есіме К.Паустовскийдің «Золотая роза» деген шығармасы түсті. Ғашығына не сыйларын білмеген бас кейіпкер күнде зергердің қоқыс жәшігін ақтарады. Үгіліп түскен алтын ұнтақтарын жинап, одан алтын раушан гүлін жасап шығады. Айтайын дегенім – шын ғашықтың мақсатына жету үшін талмай еңбектенгені. Құмнан да ұсақ шаңды, тіпті, тозаңды жинап отырып тұтастай дүние шығарғаны. Мына кітапты құрастырған азаматтардың еңбегі соған пара-пар. Олар соңғы жүз жылда басы бірікпей, шаң тозаңдай болып шашырап кеткен барлық аңыз-қиссаларды шебер құрастырып, тұтас бір дәуірдің жойылып кеткен мәдениетін қайта сомдап шыққандай. Шын мәнінде солай деп бағалау керек. Ендігі мәселе: біздің педагогтар, ойлы азаматтар бұл кітаптың қадірін шын бағаласа, бұл дайын тұрған оқу құралы. Этика пәнінің №1 хрестоматиясы болуға сұранып тұр».

Кітап авторларының бірі – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қытай Шыңжаң фольклор зерттеу қоғамының мүшесі Ботай Бопайұлының да отбасылық хрестоматияға қосқан үлесі ерен. Оның Қытайдың Алтай аймағындағы Дүре дейтін аудан орталығында жеті тілді меңгерген Имам ағзам Төкенұлы атты ғұлама ақсақалдан жазып алған естеліктерінің құны өлшеусіз. Осы арада Болат Бопайұлы 1993 жылы атажұртқа қоныс аударғаннан кейін де жөн-жоралғыға қатысты көптеген кітаптар шығарып, ұлттық қазынамызға қазына қосқан қаламгер екенін айту парыз.

Философия және теология ғылымдарының докторы Досай Кенжетай: «...Қайталауға тура келеді. Бұл қазақтың діни санасынан орын алған тыйымдар мен ырымдар, ислами мәнде ұлт жадында сақталған дүниелер теріп жинақталған. Бұл қазынаны кешегі және бүгінгі ұрпақтар арасында сабақтастық арқылы қайта жаңғыртып, ел тұтастығы мен тұрақтылығына пайдалануға болады. Қазақтың мұсылмандық тарихын ашып тұратын, сипаттайтын, танытатын, байытатын осындай мәтіндерді іздеп, ел игілігіне ұсынып отырған жастарға, шәкірттеріме алғысымды білдіремін» дейді.

Өзге де шығыстанушы ғалымдар бұл бастамаға жоғары баға беріп отыр. Филология ғылымдарының кандидаты Ғалия Қамбарбекова: «Зиялы жұрттың мойнында рухани бір

міндет болады. Ол міндет – өзінен кейінгі ұрпаққа рухани құндылық қалдыру. Құнды дүниелерді қалдырғанда олардың теориясы мен формуласын ойлап табудан да маңызды жұмыс бар. Ол – өткен замандағы сан түрлі тарихи оқиғалардың себебінен, соғыстардың кесірінен жоғалып, ұмыт қалған жәдігерлерді оқырманмен қайта қауыштыру. Қазақ халқы тарихи тамырын іздегенде көнеден келе жатқан түрлі аңыз-ертегісіз, шежіре, тарихи қолжазбасыз өзінің өткенін тереңнен саралай алмайды» дейді.

Авторлардың бірі Санжар Керімбай: «КСРО дәуірі дүрілдеп тұрған заманда, бейғам бала күнімізде, қораның артына үйілген күлдің үстіне бар бала жиналып, ойнап жүреміз. Үлкендер жағы:

– Әй, балалар, күлге ойнамаңдар, – деп ұрысады.

– Не, не болады ойнаса? – деп сұраймыз.

– Не қыласыңдар неге екенін? Болмайды деген соң, болмайды! – деп тыйып тастайды.

Біз күлдің не зияны бар екенін білгіміз келіп, одан сайын жүгіріп шаңдатамыз.

Мен үшін тағы бір түсініксіз тыйымның бірі табалдырыққа байланысты еді. Табалдырықта тұрсаң, үлкендер:

– Ей, табалдырықты баспа, – деп жаны қалмайтын.

– Басса не болады? – деп тұра береміз.

– Жаман болады, дейді, – деп бастап, бұл кітаптың қалай жарыққа келгені туралы тұшымды баяндайды.

Шынында да, баяғыда үлкендердің тұзды шашпа, қолды сілкіме, бал арасының, өрмекшінің ұясын бұзба, тасбақаны өлтірме, кісіге қарап есінеме, әжетханаға жалаңбас кірме, әжетханаға кірер де дыбыста, әжетханада сөйлеме, әжетханаға түкірме дейтін тыйымдардың жауабын білеміз бе? Аққуды атпа, көктемде көк шөпті жұлма деп жатады. Неге? Өзгелерді қайдам, өз басым осы сұрақтардың жауабын жоғарыдағы кітаптан таптым.

«Салт-дәстүр сөйлейді» деп аталатын осынау кітап рет-ретімен «Сәбилік шақ», «Қалып тасу кезеңіндегі жөн-жоралғылар», «Табиғатпен тіл табысу», «Тұлғаға айналу кезеңі», «Әбілет пен тәбілеттен қалған ырым-тыйымдар», «Үй болу», «Өмірден кейінгі өмір», «Қазақ дүниетанымындағы сакральді ұғымдар», «Сұрақтаржауаптар», «Түсіндірме сөздер» бөлімдерінен тұрады.

Қалай десек те, елжанды азаматтар қолға алған осынау жоба ақталып жатқан сыңайлы. Ең бастысы, жаңа кітап «жастар кітап оқуды қойды» деген қасаң пікірді өзгертті. Оған әлеуметтік желілердегі жүздеген жазбалар дәйек бола алады.

**Айгүл Ахметова:** «Кітапты қызым Мәлике екеуміз таласа оқып жатырмыз... «Халықтық педагогиканың энциклопедиясы» десе де болады. Тағы бір айтайын дегенім – мұндағы баға жетпес байлықты өз балашағамызбен оқығанымызға мәз болмай, кітап қолына тимей қалған жандардың да балаларына жеткізу мақсатында қызымның сынып жетекшісіне ұсыныс жасадым. Ұстазымыз қуана қарсы алды. Енді апта сайын өтетін тәрбие сағатының он минуты осы кітапқа арналатын болды. Сабақта өтетін салт-дәстүрді түсіндірген соң, арнайы алдын ала дайындалып, үзінділерін таратамыз. Бір жағынан сабақта оқығанын ұмытып қалмауы үшін қажет болса, екінші жағынан үйдегі ата-анасы мен бауырларына көрсетеді».

**Құралай Раисова:** «Ренжүлімін аздап. Сонау түп-тамырдан сыр тартатын, қазаққа өзінің қандай мұсылман екенін түсіндіруге қауқарлы соншама құнды кітаптың аз-ақ мың дана болып шыққаны несі? Қазір-ақ осы Алматының ішінде жоқ болып кетпей ме, бұл? Ал басқа қалалар ше? Сектанттар көшеде тегін таратып жүретін «Киелі кітап» секілді таратса ғой, шіркін! Тек бұл кітап шын мәнінде оқылатын, әр үйдің төрінде тұрарлық, шын киелі еңбек екен. Алғашқы беттерін парақтағаннан алған әсер осы. Алып үлгергеніме шүкір, дегенмен».

**Мадина Капурина (Ақтау қаласынан):** «Осы «Әлдиден эпосқа дейін» және «Салт-дәстүр сөйлейді» атты кітаптар фейсбукта алғашқы жарияланған күннен бастап,

қашан сатылымға шығады екен деп асыға күтіп жүр едім. Осыдан 3 апта бұрын 1-ші кітапты, күні кеше 2-ші кітапты қолыма алдым. Қос кітап маған да бұйырғанына сондай қуандым! Кітап қолыма түскеннен асыға оқыдым, бесік жырын әуендетіп отырып, бесік жырын толық түсіну үшін, «Қисса сүләнбия» бөліміне бір-ақ көштім. Осы бөлімді оқып отырып, көзіме жас келді. Әсіресе, Зәкәрия пайғамбар мен пайғамбарымыз Мұхаммет қиссаларын оқып әбден жылап алдым. Аманат құрма хикаясын оқып, Арыстанбаб төрт жүз жыл бойы сақтаған құрма ұшып барып, шәкірттің аузына түскенде құрма қандай болған екен? – деп ойландым да қалдым... Мифтер мен аңыздарды, тақпақтарды, соның ішінде, хайуанаттар туралы тақпақтарды оқып, кейін «Санамақ» бөлімінде әріптер мен сандарды қиыстырып, «Жаңылтпаш» бөлімінде «Ол жаланың қырағандағың да бар болсын, Қалжаланың қырағандағың бар болсын» дегенді оқып әбден жаңылдым. Сұрақ-жауапқа келгенде, бұл сұрақтар мен жауаптар – ұлт үшін негізгі, ең маңызды екенін түсіндім».

**Дамира Жанбаева:** «Санжар ағаның жазбаларынан кейін «Салт-дәстүр сөйлейдіні» қолға түсірдік. Құнды кітап қолымызға тиді. 7 жасар Алтынай деген қызыма кітап ішіндегі дүниенің бәрі ұнады. Ертегілерден кейінгі қолға алған алғашқы ірі кітап болды».

**Назгүл Қожабекова:** «Кемпірдің тәрбиесін көріп өскен едік. «Желкенді тартпа, кесенің шетін қақпа, ішегінді тартпа, босағаны керме, табалдырықты баспа», ой, бітпейді ғой. Неге олай екенін айтпайды. Ұрсып ала жөнеледі, әйтеуір, сондай тыйым салынған әрекет жасасаң ақыр заман төнетіндей болатын. Мына кітаптар сол апаларымыздың көзіндей. Ол кісілердің бізге айтып жеткізе алмай кеткен өсиеттері. Біздің балаларымызға жеткен көненің сөзі. Қым-қуыт тіршілікпен арпалысып жүріп, балаларымызға айтуды ұмытып кететін өзіміз көрген тәрбиенің жазбаша нұсқасы. Өзіміз былай интуитивті деңгейде білетін, бірақ бар мәні мен мағынасын саралай алмай келе жатқан қазақтың салты мен дәстүрі». Әлеуметтік желідегі жақсы пікір жалғасып кете береді. Бұл да керек. Дегенмен, кітаптың жөні бөлек қой. Жанды дауыста айтылатын ән секілді емес пе?

Айнаш ЕСАЛИ